

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКИМАТ ГОРОДА
ПАВЛОДАРА

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ

ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ПАВЛОДАРА

БҰЙРЫҚ

2011 ж. « 28 » сәуір

№ 1-18/402

ПРИКАЗ

№ 1-18/402

« 28 » апрель 2011 г.

**Даңқ ескерткішінде
салтанатты қарауылға тұру туралы**

Ұлы Отан соғысының 66-жылдығына арналған шараларға байланысты және мектеп оқушыларының бойында отансүйгіштік, патриоттық сезімдер ояту және қайсарлық пен ерлік сипатындағы асыл қасиеттерді қалыптастыру, алдыңғы буын ағаларды жастарға үлгі-өнеге ретінде көрсету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2011 жылғы 30 сәуірден бастап 9 мамыр аралығында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құрметіне Жеңіс алаңындағы № 1 бекетке:

а) № 7, № 11, № 16, № 28, жалпы орта білім беру мектептерінің 10 сыныбындағы ер балалар арасынан ескерткішті күзету үшін салтанатты қарауыл жасақталсын.

ә) Оперативтік қарауыл бастығының міндетін атқару № 11 орта мектебінің алғашқы әскери дайындық ұйымдастырушысы-оқытушысы С.К. Байсугуровқа жүктелсін.

б) № 7 жалпы орта білім беру мектебінің қарауыл бөлмесі салтанатты қарауылға тұратын сарбаздар үшін жабдықталсын.

в) Салтанатты қарауыл әскери үлгідегі киім-кешекпен жабдықталып, “Юнкер-2” оқу автоматымен қарулансын.

г) Салтанатты қарауылдың кезекшілік уақыты сағат 10.00. бастап 18.00. дейін, қарауыл ауысымы әрбір 20 минут сайын жүргізілсін.

2. 2011 жылғы 3 мамырдан 9 мамыр аралығында Қ. Қамзин көшесі бойындағы Ұлы Отан соғысының батыры Қанаш Қамзиннің ескерткіші жанындағы № 2 бекетке;

а) № 4, № 14, № 19, № 36 жалпы орта білім беру мектептерінің 10 сыныбындағы ер балалар арасынан ескерткішті күзету үшін салтанатты қарауыл жасақталсын.

ә) Қарауыл бастығының міндетін атқару № 19 орта мектебінің алғашқы әскери дайындық ұйымдастырушысы-оқытушысы А.С. Сыздықовқа жүктелсін.

в) № 36 жалпы орта білім беру мектебінің қарауыл бөлмесі салтанатты қарауылға тұратын сарбаздар үшін жабдықталсын.

3. Салтанатты қарауыл құрамына кіретін оқушылар мен жауапты тұлғалар сабақтардан босатылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау қалалық білім беру бөлімінің әдіскері Қ.С. Райысовқа жүктелсін.

Бөлім бастығы

З. Мұқашева

Білім беру бөлімінің
әдіскері Қ.Райысов